

Әмірбекова С.К., Байдаров Е.Ұ.

**Ресейлік және отандық
ғалым-шығыстанушылардың
«Араб көктемінің»
себеп-салдарының
насихатталу аясы**

Amirbekova S.K., Baydarov E.U.

**The reasons of the «Arab Spring»
in the coverage of Russian and
Local scientists-orientalists**

Амирбекова С.К., Байдаров Е.У.

**Причины возникновения
«Арабской весны» в освещении
российских и отечественных
ученых-востоковедов**

Бұл мақалада Таяу Шығыстағы араб елдеріндегі «Араб көктемі» типі өткен әлеуметтік-саяси төңкерістерге Ресей және Отандық ғалым-шығыстанушылардың пікірлерін кешенді талдауға арналады. Ғалымдар мен шығыстанушылар Араб Шығысында 2011-2013 жылдар аралығында орын алған оқиғаларға талдау жасау арқылы бұл толқулардың себептерін толық зерттеп, Таяу Шығыстағы негізгі процестерге сипаттама береді.

Түйін сөздер: «Араб көктемі», Таяу Шығыс, пікірлер, негізгі себептері, талдау.

This article is devoted to the complex analysis of the views of Russian and Local scientists and orientalists about the social and political upheaval in the Arab Middle East, which have been affected by the events of the «Arab Spring». Scientists and orientalists have attempted to analyze the events that took place from 2011 to 2013 in the Arab East, as well as a detailed study of the causes of popular unrest, and given the characteristics of the basic processes that have evolved in the Middle East.

Key words: «Arab Spring», Middle East, opinions, main reasons, analysis.

Данная статья посвящена комплексному анализу мнений российских и отечественных ученых и востоковедов касательно социально-политических потрясений в арабских странах Ближнего Востока, которые были затронуты событиями «Арабской весны». Ученые и востоковеды предприняли попытки проанализировать эти события, произошедшие с 2011 по 2013 гг. на арабском Востоке, а также детально исследовали причины народных волнений и дали характеристику тех основных процессов, которые развивались в ближневосточном регионе.

Ключевые слова: «Арабская весна», Ближний Восток, мнения, основные причины, анализ.

**РЕСЕЙЛІК ЖӘНЕ
ОТАНДЫҚ
ҒАЛЫМ-ШЫҒЫСТАНУ-
ШЫЛАРДЫҢ
«АРАБ КӨКТЕМІНІҢ»
СЕБЕП-САЛДАРЫНЫҢ
НАСИХАТТАЛУ АЯСЫ**

«Араб көктемi» феноменiн танып түсiнуде Ресей, Қазақстан ғылыми әдебиетiне соңғы бiрнеше жылда енген шығармашылық еңбектер мазмұны сан түрлi. Өзара ұқсамайтын, соңғы қырымен ерекшеленетiн пiкiрлер де жеткiлiктi.

Әсiресе, «Араб көктемi» революциясының тууының iшкi және сыртқы себеп салдарының атқарған рөлi жайлы шығыстанушы-арабтанушы ғалымдардың пiкiрлерi әрқилы. Бiреулерi бұл жәйттi демократиялық транзиттiң тарихи дамуының тарихи дамып жетiлуi десе, ендi бiреулерi – АҚШ-тың жаһандық билеп-төстеуге ұмтылуының айқын сипаты деп бағалайды. Демократиялық транзит концепциясы негiзiнде Ресей ғалымы А.Д. Воскресенский: ХХ ғасыр соңына қарай демократиялық транзит концепциясы туралы жаһандық политология «жекелей авторитарлық басқару жүйелерiнiң қарым-қабiлетi өз дәрежесiнде бағаланбауы, назардан тыс қалуы себептi қай елде де iшкi шиеленiс, бәсекелестiк қабiлетi күшейедi. Iшiнара таратылып, жiктелiп бөлiнуiне жол ашылады. Осы ретте «Араб көктемi» оқиғасының да бұрынғыдай жеке-дара басқарудың уақыты өткенiнiң, жаңашыл, үрдiс басқару саясатының пiсiп жетiлгенiн дәлелдегендей едi» – дейдi [1,66]. Ал екiншi жақтан, «қаһарлы» соғыстан кейiнгi жаңа жағдайда АҚШ-тың жаһандық басқаруға ұмтылысын Р.Г. Ланда былай деп түсiндiредi. «Арабтық саяси көктемдердiң» бетпердесi мен 2010-2014 жылдар аралығында бiрнеше мемлекеттiк төңкерiстердiң жүзеге асуына ықпал ету – бұл АҚШ-тың жаһандық билеп-төстеуге ашық кiрiскенiнiң айғағы» [2,130].

А.М. Васильев, А.З. Егорин, Е.М. Примаков сияқты арабтанушы-ғалымдар объективтi анализ жасай отырып, «Араб көктемiнiң» басты себептерiнiң бiрi соңғы жарты ғасырда пайда болған әлеуметтiк-саяси факторлар деп есептейдi. Бұл көзқарасты қазақ шығыстанушы Р.Б. Жұмалы бөле отырып келесi тұжырым жасады: ««Араб көктемi» оқиғаларына қатысты осы күнге дейiн сыртқы күштердiң қастандық әрекеттерi болғаны жайлы болжам айтылады. Бұл теорияны жақтаушылар АҚШ, Франция, Ұлыбритания, тағы басқа кейбiр елдер Араб әлемiнiң iшкi қоғамдық өмiрiне түрлi қайшылық, кикiлжiндердiң орнауына ықпал ету арқылы өздерiнiң геосаясаттық, стратегиялық мүдделерiн жүзеге асырғысы келуi мүмкiндiгiн айтады.

Батыс елдері жергілікті халықтың болашағына, тағдырына неше қайтара араласу арқылы түрлі дағдарыстардың жүзеге асуына басты себепші екені сөзсіз. Бірақ Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдеріндегі қарсылық қимыл әрекеттеріне тікелей олар себепші деп айту қате болар еді» [5,450-451] дей отырып, ол негізгі келесі маңызды себептерді дәлел ретінде келтіреді:

1) Тунис, Мысыр, Сирия, Ливия, тағы басқа Араб әлемінде жүрген қарсылық әрекеттері алғаш билікті құлатуды мақсат тұтпады, бейбіт шерулерден құралды;

2) Кейінірек әр араб еліндегі «Араб көктемі» стихиялы түрде, басқаруға мүлдем келмейтін соңы немен аяқталары беймәлім қақтығыстарға ұласты;

3) «Араб көктемі» осы аймақтағы Батыспен достастығы бар кей елдердің діни экстремизммен астасқан қатерлі саясатты ішінара насихаттауға жол ашты;

4) «Араб көктемі» оқиғаларынан кейін АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, тағы басқа Батыс елдері жалпы әлемдік түгілі аймақтық деңгейдегі саясатта еш пайда тапқан жоқ, керісінше көп шығынға ұшырап, қауіпсіздік мәселесінде түрлі қатер туғызды. Инвестиция, өзара келісімшарттары нәтижелері де көп ақсады. Әсіресе, АҚШ-тың Мемлекеттік Департаментіне ауыр соққы тиді. 2012 жылдың қыркүйегінде Бенгазида Ливиядағы америкалық дипломатиялық қатынасты реттеуші мекеменің бірнеше қызметкері арасында елші Кристофер Стивенс те қаза тапты;

5) Сирияға қатысты ұйымдастырылған қастандық іс-әрекеттер Катардан немесе Ираннан тартылған газ құбырларына қатысты өрбиді. Өйткені еуропалық елдерге тартылған құбырлар Сирия аумағы арқылы жүргізілген. Әйтсе де бұл жалған ақпарат-сынды, өйткені экономикалық қандай да болжам, тұжырым жасауға еш байланысы жоқтығын айтып, шын мәнісінде Араб әлеміндегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтардың барынша шиеленісуіне 2008-2009 жылдардағы ғаламдық немесе бүкіләлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс басты себепші» деп тұжырымдайды [5,450-451].

Тарихшы М.Т. Лаумулин өзінің еңбегінде революциялардың басты себептеріне әлемдік экономикалық кризисті де, араб халықтарының әлеуметтік-психологиялық күйлерін де, сонымен қатар, сыртқы күштердің әсерін де атап көрсетеді [6,15].

Сөйтіп, Ресей ғалымдары секілді көптеген Қазақстан ғалымдары да сыртқы әсердің шынайы

мүмкіндіктерін саралайды. Мәселені өркениетті талап тұрғысында шешуді жақтаса да, алдымен айтулы елдің ішкі себеп-салдарында да маңызы айырықша екенін растайды. Нақтылай айтсақ, бұл тұста Ю.М. Почтаның «араб көктемі» оқиғаларына сыртқы әсердің қаншалықты ықпал еткені жайлы зерттеуін алға тартсақ болады. Автор АҚШ билігінің адам құқығы мен еркіндігі концептісін сол елдің тәуелсіздігінен жоғары қоя отырып, осы принципін жекелей тұлға мүддесіне пайдалануын көздейді. Автор аталған ел басқарушыларының авторитарлығы, айуандығы, репрессияға ұшыратқысы келетіні біздің ашу-ызамызды келтіреді деп атап айтады. Сол себепті біз де осы аймақ халқының қалаған басқарушыларын өздері таңдап, өз бақыт мүмкіндіктеріне өздері қол жеткізуіне көмектесуге атсалысамыз деген пікірде. АҚШ барлық мүмкіндікке ие әрі тікелей басқыншылық әрекетке де баруға жағдайы жететінін ашық жария етуде. Мәселен, Ливия басқыншылығы секілді, – дейді [7]. Олар бүгінде демократиялық құндылықтар мен әйел-ана құқығының лайықты қорғалуы мақсатында жаппай үгіт-насихат жүргізуде. Әйтсе де саяси плюрализм үлгісіндегі демократия исламизацияға жол ашуда. Зиялылық үрдісі ислам тәртібіне ауысып, нәтижесінде қол жеткізілген демократиялық табыстар бірте-бірте құрдымға кетіп, қоғам барынша консервативті, ескірген мүдде кейіпіне ауысуда. Ю. Почтаның пікірінше мұндай келеңсіздік Парсы Шығанағындағы консервативті ислам тәртібін ұстанған елдерге тиімді. Сол секілді бірқатар Батыс мемлекеттеріне де мұндай құрылымы әлсіреген, кім-кімге де мойынсұнуға дайын мемлекеттер таптырмайды, ауадай керек-ақ. Жоғарыда таратыла қарастырылып отырған мемлекеттердегі араб революциялардың ішкі-сыртқы жәй-күйі себеп салдарына Батыстық әсердің зор екенін Ю. Почта алға тартады. Ол елдердің әлеуметтік-экономикалық және демократиялық дамуына Батыс кері әсер етіп, Шығыс елдерінің демократияны танудағы ерекшелігін сақтамай, мәжбүрлей енгізуі бұл халықтарға нақ Ливиядағыдай қайғы-қасірет әкелуі бек мүмкін екенін баса жеткізеді.

Кейбір ресейлік саясаткерлер «араб көктемінің» көтерілуіне энергетика қуат көзі тапшылығы, нақтылай айтқанда, Ресей Федерациясы мен АҚШ арасындағы мұнай шикізатына деген талас, дау-дамай себепші дегенді алға тартады. Шын мәнісінде де ең маңызды қуат көзі – мұнай шикізатына деген қатынас бүтін адамзаттың даму тарихына саяси мазмұн, публистикалық мән-мағына ұялатады. Мұндай «қуат көзіне» деген көзқарас апологеті, А.Паршевтің «Неге Ре-

сей Америка емес?», «Америка басқыншылыққа не себепті барады?» еңбектері. Бұл еңбектерді жазу арқылы автор мұнай, тағы басқа қуат көздері еңбек, техника, технология секілді жетістіктер бүкіл батыс экономикасымен байланысты екенін айтады [8].

Анықтай келсек, әлемдегі шикізаттың тең жартысын батыстық либералды-капитализмнің тірегі ретінде қазіргі дамыған қоғамының тұтыну қабілеті жоғары. Мысалы, С. Рогинко адамзаттың 10% әлемдік шикізат қорының 75 % тұтынатынын алға тартады. Жетпісінші жылдардың басында-ақ бүкіл әлем халқы орташа америкалық деңгейінде шикізат пайдаланатын болса, онда жер ғаламшары бір мезетте экономикалық коллапс (тоқырауға) ұшыраған болар еді. Яғни шикізат қорын шектеу ғаламдық қоғамдастықты америкалық күнделікті тұтынатын шикізат көлеміне жетуге мүмкіндік бермейтіндігін растайды [9]. А. Паршевтің пікірінше, АҚШ мұны өте жақсы түсінеді дей келіп, дәлел ретінде АҚШ-тың өндірілген белгілі бір көлемдегі мұнай шикізатын қорландырып, кейінге сақтап отырғанымен нақтылай түседі. Сол себепті де НАТО мен АҚШ энергетикалық шикізат үшін Таяу Шығыс пен Африка аймақтарына әлі талай соғыс ашатынын айтады. Ливия – Солтүстік Африка мемлекеттерінің арасында әлемдік мұнай шикізаты саудасы жөнінен тоғызыншы орындағы мемлекет екені мәлім, сондықтан да Ливия қақтығыстың басты себебі осы мәліметпен түсіндіреді. Бұл мәселе Ирак жағдайына да тікелей қатысты. 1991 жылы Саддам Хусейн Кувейтке басқыншылық жасағанында, өкініп қалған еді. Өйткені, бұл кезде Кувейттің мұнай байлығы батыстық Транс Ұлттық Корпорациясы (ТҰК) негізінде болатын. Сосын да АҚШ шұғыл қимылмен Парсы шығанағына өзінің жетінші Атлант флотын жеткізіп үлгерді. Сөйтіп, мұнай шикізатын қорғап қала алды. 2003 жылғы «Шок пен трепет» әскери компаниясы іс-қимылынан кейін Ирактың мұнай шикізаты да Батыстың бақылауына өтті. АҚШ билік еткен ғаламдық экономикада мұнай неге соншалық маңызды орын алатынын В.М. Зазнобин мұны екінші орындағы мұнайдың преискуранттағы «жасырын» варианттығында болуында деп болжайды. Мұны Зазнобин бүгінгі таңда ғаламдық өндірісті электр қуатынсыз жүзеге асыру мүмкінсіздіктен қазіргі таңдағы басты қуат шикізаты әрине мұнай деп бағамдайды [10].

Отандық шығыстанушылардың айтуынша, Батыс үшін мұнай шикізаты басты мүдде емес, өйткені мұнай қоры тым аз мемлекеттердегі

(мысалы, 2001 жылы Ауғаныстандағы, 2011 жылы Мысыр еліндегі) басқарушы режимнің құлап, жаңа режимнің орнығуына күш салғанына қарағанда, осы өңірде олардың көздеген өзге де мақсаттары бар. Мәселен, Ауғаныстанға қатысты айтсақ, мұнда есірткі алқаптары ұланғайыр үлкен. Халықаралық экспортқа анашаның түр-түрі шығарылып, нәтижесінде талибтер күрес науқанын бастап кетті.

Ғалым-зерттеушілер А. Коротаев пен Ю. Зинькина [11], араб елдерін қамтыған жаппай қозғалыстың жүзеге асуына ең алдымен тұрақты экономикалық ахуал себепші екенін айтады. Нақтылай айтса, жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі деген пікірде. Өйткені, Мысыр мұсылман елі және араб державасы ретінде ұзақ жылдар бойына экспансионизмді Израильмен күрес жүргізуі түбінде араб өркениетінің консолидаторы атанып, осы аймақтың ұлы державасы дәрежесіне көтерілу қаупі тұрды. Әрине, бұл мүмкіндік Батысқа қауіп төндірді. Араб әлемінің ауыз біршілігі мүлдем қажет емес. Бұл ретте геосаяси және геэкономикалық маңызы аса зор қатынаста СУЭЦ каналының атқарар ролі айырықша деп тұжырымдайды.

«Араб көктемінің» себеп-салдарына байланысты екі елдің зерттеушілерінің ойлары бір тұстан шығатынын да байқауға болады. П. Турчин, А. Коротаев, Р. Жұмалы, М.Т. Лаумулин араб мемлекеттеріндегі 2011 жылғы билік режиміне қарсы қимыл-қозғалыстардың жаппай сипат алуын демографиялық құрылымдық теориясымен түсіндіреді. Айта кету керек, Африка Өркениеттік және аймақтық зертхана орталығында тұтас бір аймақтық және жаһандық қатер мониторинг тобы зерттеулерінің арқасында аса маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Бұл зерттеу нәтижелері бойынша демографиялық жарылыс (бум) жүріп өткен елдердегі жағдайдың аномальды емес, қайшылықтардың пісіп-жетілген кезеңіндегі заңды іс-әрекеті екенін жеткізді. Мұндай жаппай сілкіністің белес алуының маңызды факторы – қала жастары қатарының күрт өсуімен байланысты. Солай бола тұра, ғалымдардың үкіметтік құрылымдық-демографиялық негізіне сүйене тұрып, басқа да факторларға көңіл бөледі.

Келесі, жоғарыдағы айтылған пікірден де маңыздылығы жағынан кем болмайтын көзқарастың бірі – ол, араб әлеміндегі үкімет режиміне қарсы көтерілістердің жаппай белең алуына бір емес, бірнеше факторлардың себеп-салдарының ықпал етуі. Осы ретте Р. Жұмалы, А.М. Васильев, А.З. Егорин, Е.М. Примаков мен Р.Р. Фитуни, 2011 жыл оқиғалары-

ның алғышарттарын араб қоғамындағы ішкі жағдайдан іздеу қажеттігін алға тартқан пікірін қолдамауға шарамыз жоқ. Өйткені, ішкі саяси факторлар сыртқы әсерден гөрі анағұрлым ширатыла өрілген. «Революция толқындарының» жүруіне синхронизация факторларының да ықпалды әсерін анықтауға зер салу көптік етпейді және араб-мұсылман қоғамындағы біртұтас ағарту кеңістігіне, одан бөлек Таяу Шығыс және Солтүстік Африкадағы жаппай Интернет желісін пайдалануға деген қызығушылықтың артуына назар аудару қажетті. Нақ осы өрімдей жастар әлеуметтік-экономикалық және психологиялық қысымшылық жағдайда еді. Шығыстанушы-зерттеушілердің ойынша Мысыр, Тунис, Ливияда өткен революцияларда жастардың жаппай жұмыссыздығы – басты рөл атқарған-ды. Өйткені толыққанды дамымаған араб елдері экономикасы толыққанды еңбекпен қамтамасыз етуге дәрменсіз екендігін сөз етеді. 2010 жылға қарай араб жастары арасындағы жұмыссыздық мәселесі елдің 50 % қамтыған. Және жұмыссыздардың басым көпшілігі жоғары білім беру орындарын ойдағыдай аяқтаған диплом иегерлері. Дипломды жас мамандар қоғамнан өздеріне лайықты орын тауып, алған білімдерін игілікке ұластыра алмағандар еді. Таяу Шығыстағы революциялық қозғалыстар барысында, күш

арақатынасы сыналады. Жастардың бір бөлігі батыстық либералды немесе социалистік идеяны бойына сіңірсе, басқалары – ислам идеясын сіңірді. Бірақ барлығы да қоғамдық режимді құлатуды қалады. Жер-жерде жаппай қарсылық акцияларының жүзеге асуына жаңашыл коммуникация құралдары, әлеуметтік желілер мен мобильді байланыстар оң серпін берді. Әсіресе, әл-Джазира телекомпаниясы көтерісшілерге үлкен қолдау көрсетіп, аса маңызды роль атқарды. Бұл ретте Интернет пен мобильді байланыс жүйелері ақпарат таратудың ресми орталықтарынан да жедел қарқында жұмыс нәтижесін көрсетті. Олар Тунис, Иемен, Мысыр, Ливия өкімет биліктерін тізе бүктірді, – деп Ресей және Қазақстан шығыстанушылары бірдей тұжырым жасайды.

Сонымен ойымызды жинақтай келіп, 2011-2013 жылдардағы араб елдеріндегі түрлі қақтығыс пен қозғалыстардың шығу себеп-салдарына қатысты Ресей мен Қазақстан ғалым-шығыстанушылардың пікірлерін саралай келіп, олардың тұжырымдарын бір-біріне ұқсайтын да, мүлдем ұқсамайтынына көз жеткіздік. Бірақ басым көпшілігі осы кезең аралығында араб елдеріндегі болған оқиғалар революция сипатында өткенін мақұлдайтынын білдік.

Әдебиеттер

- 1 Воскресенский А.Д. Роль Запада в формировании международной системы и политики России // Сравнительная политика. – 2016. – Том. 7. – №1(22). – С.66.
- 2 Ланда Р.Г. Политический ислам и отношения Восток-Запад // Ислам в современном мире. – 2015. – Том 11. – №1. – С.130.
- 3 Васильев А., Петров Н. Рецепты арабской весны: русская версия. – М.: Алгоритм, 2012. – 304 с.
- 4 Примаков Е.М. Конфиденциально: Ближний Восток на сцене и за кулисами. (вторая половина XX – начало XXI века). 2-е издание. – М.: Российская газета, 2012. – 414 с.
- 5 Жумалы Р.Б. Арабский пасьянс. Хроника столетия. – Астана: КИСИ при Президента РК, 2016. – 508с.
- 6 Лаумулин М.Т. «Арабская весна» 2011 года: социально-политические изменения на Арабском Востоке и их международные последствия. – Алматы: КИСИ при Президента РК, 2011. – 236 с.
- 7 Почта Ю.М. Мусульманский мир: роль института гражданского общества в процессе принудительной демократизации // Вестник РУДН. Серия «Политология». – 2012. – №3.
- 8 Паршев А.П. Почему Россия не Америка? / А.П. Паршев – Тула: Изд-во «Крымский мост», НТЦ «Форум», 1999. – С. 378-392.
- 9 Рогинко С.А. Перспективы развития ВИЭ. – М.: Институт Европы РАН, 2011.
- 10 Зазнобин В.М. Краткий курс // Внутренний Предиктор СССР. – СПб., 2004. – С.87.
- 11 Коротаев А.В. Египетская революция 2011 г.: структурно-демографический анализ / А.В. Коротаев, Ю.В. Зинькина // <http://polit.ru/article/2011/03/04/egyrev>

References

- 1 Voskresenskij A.D. Rol' Zapada v formirovanii mezhdunarodnoj sistemy i politiki Rossii // Sravnitel'naja politika. – 2016. – Tom. 7. – №1(22). – S.66.
- 2 Landa R.G. Politicheskij islam i otnoshenija Vostok-Zapad // Islam v sovremennom mire. – 2015. – Tom 11. – №1. – S.130.
- 3 Vasil'ev A., Petrov N. Recepty arabskoj vesny: russkaja versija. – M: Algoritm, 2012. – 304 s.

- 4 Primakov E.M. Konfidental'no: Blizhnij Vostok na scene i za kulisami. (vtoraja polovina HH-nachaloHHI veka). 2-e izdanie. – M.: Rossijskaja gazeta, 2012. – 414 s.
- 5 Zhumaly R.B. Arabskij pas'jans. Hronika stoletija. – Astana: KISI pri Prezidenta RK, 2016. – 508s.
- 6 Laumulin M.T. «Arabskaja vesna» 2011 goda: social'no-politicheskie izmenenija na Arabskom Vostoke i ih mezhdunarodnye posledstvija. – Almaty: KISI pri Prezidenta RK, 2011. – 236 s.
- 7 Pochta Ju.M. Musul'manskij mir: rol' instituta grazhdanskogo obshhestva v processe prinuditel'noj demokratizacii // Vestnik RUDN. Serija «Politologija». – 2012. – №3.
- 8 Parshev A.P. Pochemu Rossija ne Amerika? / A.P. Parshev – Tula: izd-vo «Krymskij most», NTC «Forum», 1999. – S. 378-392.
- 9 Roginko S.A. Perspektivy razvitija VIJe. – M.: Institut Evropy RAN, 2011.
- 10 Zaznubin V.M. Kratkij kurs // Vnutrennij Prediktor SSSR. – SPb., 2004. – S.87.
- 11 Korotaev A.V. Egipetskaja revoljucija 2011 g.: strukturno-demograficeskij analiz / A.V. Korotaev, Ju.V. Zin'kina // <http://polit.ru/article/2011/03/04/egyrev>